

2020 жылға арналған Шарбақты ауданының ұйымдарында пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 5 қарашадағы № 355/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 қарашада № 6611 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы " Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға арналған Шарбақты ауданының ұйымдарында пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының квотасы осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. А. Неғмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Абеуов

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "5" қарашадағы
№ 355/8 қаулысына
қосымша

2020 жылға арналған Шарбақты ауданының ұйымдарында пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

				Пробацация қызметінің есебінде
--	--	--	--	-----------------------------------

Р/с№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	тұрған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"ШЫҒЫС ЖОЛДАРЫ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	64	1%	1
2	"Шарбақты-Кус" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	1%	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК